

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының тереңдете зерделенуін қамтамасыз ету мақсатындағы шаралар жөнінде

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 25 ақпандағы N 46

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының тереңдете зерделенуін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру институты 1998 жылдың ақпан-мамырында Алматы қаласында, 1998 жылдың маусымында - институттың Ақмола қаласындағы филиалында "Қазақстанның 2000 жылға дейінгі стратегиялық дамуын іске асырудағы жергілікті атқарушы органдардың міндеттері" бағдарламасы бойынша облыстар әкімдері аппараттарының мемлекеттік-құқықтық бөлімдерінің меңгерушілеріне, аудандық (қалалық) әкімдердің ішкі саясат және әлеуметтік-мәдени сала мәселелері жөніндегі орынбасарларына, селолық (поселкелік) округтер әкімдеріне, аудандық (қалалық) экономика басқармаларының бастықтарына, аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бастықтарына арнап мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырудың қысқа мерзімді семинарларын өткізсін.

2. "Қазақстанның 2000 жылға дейінгі стратегиялық дамуын іске асырудағы жергілікті атқарушы органдардың міндеттері" бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру семинарының оқу-тақырыптамалық жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, Алматы облысының, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институты сабақтарды өткізуге тартатын лауазымды адамдар мен мамандардың қатысуын

қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері қоса беріліп отырған кестеге сәйкес лауазымды адамдардың аталған санатының семинарларға келуін қамтамасыз етсін және іссапар шығыстарын жергілікті бюджеттің есебінен төлейтін болсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 46-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстанның 2000 жылға дейінгі стратегиялық дамуын іске асырудағы жергілікті атқарушы органдардың міндеттері"
бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру семинарының оқу-тақырыптық жоспары

Атауы	Сағат саны
1	2
Облыс әкімдері аппараттарының мемлекеттік-құқық бөлімдерінің меңгерушілері	
1. "Қазақстан-2030" : 2000 жылға дейінгі стратегияның іске асуын қамтамасыз етудегі мемлекеттік-құқық бөлімдерінің негізгі міндеттері	2
2. Атқарушы өкіметтің іске асыруының ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі: жай-күйі және қалыптасу жолдары	2
3. Дөңгелек үстел: "Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің проблемалары мен жолдары"	2
4. Көшпелі дәріс: "Жергілікті атқарушы органдардың қызметінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тетігі"	4
5. Дөңгелек үстел: Сыбайлас жемқорлыққа және билікті асыра пайдаланушылыққа қарсы күрестің нысандары мен әдістері"	4
6. Іскерлік ойын: "Мемлекеттік-құқық бөлімдерінің аудандық (қалалық) құқық қорғау органдарымен өзара бірлескен іс қимылының тиімді тетігін жасау:	4
7. Жаттығу: "Атқарушы өкімет органдары басқару шешімдерін әзірлеген және қабылдаған кезде заңдылықты қамтамасыз ету"	2
8. Қорытынды сабақ. Қорытындылау	4
Барлығы	24

Аудан (қала) әкімдерінің ішкі саясат және

әлеуметтік-мәдени сала мәселелері жөніндегі
орынбасарлары

1. "Қазақстан - 2030": 2000 жылға дейінгі стратегияның негізгі басымдықтары мен іске асыру ерекшеліктері 4
2. Дөңгелек үстел: "Аймақтық дәрежеде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету тетігі" 4
3. Дөңгелек үстел: "Азаматтық пен Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру - ұлттық қауіпсіздігіміздің маңызды басымдықтары" 2
4. Практикум: "Уақыт талабына сай адамдардың дүниетанымына ықпал етудің тиімді нысандары мен әдістерін жасау" 2
5. Дөңгелек үстел: "Орталық және жергілікті атқарушы органдардың аймақтық әлеуметтік проблемаларды шешудегі өзара бірлескен іс-қимылын жетілдірудің проблемалары мен жолдары" 2
6. Көшпелі дәріс: "Еңбек рыногы және халықтың жұмыспен қамтылуы. Аймақтық деңгейде кедейшілікке және жұмыссыздыққа қарсы күрестің тиімді әдістерін іздестіру 2
7. Дөңгелек үстел: "Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың салауатты өмір салты мен экологиялық қолайлы жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру 4
8. Дөңгелек үстел: "Жергілікті атқарушы органдардың туризм мен спортты дамыту жөніндегі жұмысын ұйымдастыру 4
9. Дөңгелек үстел: "Білім және мәдениет: жай-күйі және нарық жағдайында дамыту жолдары" 4
10. Іскерлік ойын: "Аймақтық әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру кезінде әкім аппаратының қызметін аудандық мәслихатпен және атқарушы өкіметтің жоғары тұрған салалық органдарымен үйлестірудің тиімді тетігін жасау" 4
11. Жаттығу: "Атқарушы өкімет органдарының басқару шешімдерін әзірлеген және қабылдаған кезде заңдылықты қамтамасыз ету" 2
12. Практикум: "Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-мәдени даму проблемаларын шешу жөніндегі жұмысының озық тәжірибесі, аймақта саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету" 4
13. Қорытынды сабақ. Қорытындылау 2

Аудандық (қалалық) экономика бөлімдерінің
(басқармаларының) басшылары

1. Дөңгелек үстел: "Қазақстан-2030:" ұзақ мерзімді
басымдықтар және 2000 жылға дейін іске асыру тетіктері" 4
2. Дөңгелек үстел: "Жергілікті атқарушы органдардың
экономикалық өсудің қысқа мерзімді басымдықтарын іске
асыру жөніндегі міндеттері" 2
3. Атқарушы өкіметтің іске асыруының ұйымдастырушылық-
құқықтық тетігі: жай-күйі және қалыптасу
жолдары" 4
4. Аймақтардың кешенді дамуын қамтамасыз етудегі
жоспарлаудың стратегиялық рөлі 4
5. Практикум: "Елдің экспорттық-импорттық әлеуетін дамыту,
оны аудан (қала) деңгейінде қамтамасыз етудің тетігін
іздестіру" 4
6. Дөңгелек үстел: "Қазақстанның инвестициялық ахуалы,
оны аймақтық деңгейде қалыптастыру" 2
7. Дөңгелек үстел: "Қаржы-несие саясаты: қалыптастыру
проблемалары және аймақтық деңгейдегі іске асыру тетігі" 4
8. Жаттығу: "Атқарушы өкімет органдары басқарушылық
шешімдер әзірлеген және қабылдаған кезде заңдылықты
қамтамасыз ету" 4
9. Іскерлік ойын: "Аймақтық басқарудың маңызды құралы
ретіндегі оңтайлы стратегиялық жоспарды әзірлеу
әдістемесін жасау" 4
10. Көшпелі дәріс: "Аудандық (қалалық) экономика бөлімдерінің
(басқармаларының) аймақтарды әлеуметтік-экономикалық
дамыту проблемаларын шешуде тәжірибе алмасуы" 4
11. Қорытынды сабақ. Қорытындылау 4
12. Барлығы 40

Аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бөлімдерінің (басқармаларының) басшылары

1. "Қазақстан-2030": 2000 жылға дейінгі ұзақ мерзімді 4
басымдықтар мен іске асыру стратегиялары

2. Дөңгелек үстел: "Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстанды дамытудың әлеуметтік басымдықтарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері" 2
3. Дөңгелек үстел: "Аймақтардың деңгейінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрестің нысандары мен әдістері" 4
4. Дөңгелек үстел: "Әлеуметтік реформалардың заңдық және нормативтік-құқықтық және базасын дамытудың жай-күйі мен проблемалары" 2
5. Практикум: "Зейнетақы реформасы: аудандық (қалалық) деңгейде жүргізу тәжірибесі мен әдістемесі" 2
6. Дөңгелек үстел: "Аймақтық әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу мен қолданудың тиімділігі" (тәжірибе алмасу) 4
7. Қорытынды сабақ: "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің (басқармаларының) қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдар әзірлеу" 2
8. Қорытынды сабақ. Қорытындылау. Барлығы 24

Селолық (поселкелік) округтардың әкімдері

1. "Қазақстан-2030". Селолық (поселкелік) округтар әкімдерінің 2000 жылға дейінгі стратегияның негізгі басымдықтарын іске асыру жөніндегі міндеттері 4
2. Дөңгелек үстел: "Селолық (поселкелік) округтардың аумағында шағын және орта бизнесті дамытудың жолдары" 2
3. Дөңгелек үстел: "Селолық (поселкелік) округтар әкімдерінің өз аймақтарында жердің ұтымды пайдаланылуы мен табиғи ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметі" 4
4. Дөңгелек үстел: "Ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу жолдары" 4
5. Көшпелі сабақ: "Селолық (поселкелік) округтар әкімдерінің азаматтармен жұмыс жүргізуінің негізгі нысандары мен әдістері (ауылдық құрылтай, азаматтардың өтініштері мен арыздары, құқық бұзушылықтың алдын алу)" 2
6. Практикум: "Селолық (поселкелік) округтар аумағында азаматтарға құқықтық білім беруді ұйымдастыру" 2
7. Жаттығу: "Селолық (поселкелік) округтардың әкімдері іске асыратын наториалдық мәмілелердің іс

- жүргізу-құқықтық негіздері" 2
8. Көшпелі дәріс: "Селолық (поселкелік) округтар әкімдерінің салық және өзгеде бюджетке төленетін төлемдердің уактылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру" (тәжірибе алмасу) 4
9. Жаттығу: "Атқарушы өкімет органдарының басқарушылық шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңдылықты қамтамасыз етуі" 4
10. Іскерлік ойын: "Селолық (поселкелік) округ әкімінің аумақтық шаруашылық жүргізу субъектілерімен және атқарушы өкіметтің жоғары тұрған бөлімшелерімен өзара іс-қимылын жақсарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу" 4
11. Қорытынды сабақ. Қорытындылау 4
- Барлығы 40

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 46-ө өкіміне
қосымша

"Қазақстанның 2000 жылға дейінгі стратегиялық дамуын іске асырудағы жергілікті атқарушы органдардың міндеттері"
бағдарламасы бойынша семинар өткізудің
КЕСТЕСІ

Облыс	Ақмола қаласы		
	Облыстардың әкімдері Аудандық (қалалық)		
	аппараттарының еңбек және халықты		
	мемлекеттік-құқықтық әлеуметтік қорғау		
	бөлімдерінің басқармаларының		
	меңгерушілері бастықтары		
	24-26 маусым	3-5 маусым	8-10 маусым
Ақмола	1	3	3
Алматы	1	3	3
Ақтөбе	1	3	3

Атырау		1		3		3	
Шығыс Қазақстан		1		3		3	
Жамбыл		1		3		3	
Батыс Қазақстан		1		3		3	
Қарағанды		1		3		3	
Қызылорда		1		3		3	
Қостанай		1		3		3	
Маңғыстау		1		3		3	
Павлодар		1		3		3	
Солтүстік		1		3		3	
Қазақстан							
Оңтүстік		1		3		3	
Қазақстан							
Ақмола қаласы		1		1		1	
Алматы қаласы		1		3		3	
Барлығы		16		46		46	

Облыс		Алматы қаласы					
Аудан (қала)		Аудандық		Ауылдық			
әкімдерінің ішкі		(қалалық)		(поселкелік)			
саясат және		экономика бас.		округтердің			
әлеуметтік-мәдени		қармаларының		әкімдері			
даму жөніндегі		(бөлімдерінің)					
орынбасарлары		бастықтары					
2-6		18-22		20-24		4-8	23-27 16-20 6-10
наурыз		мамыр		сәуір		мамыр	ақпан наурыз сәуір

Ақмола		3		3		3		3		10	
Алматы		3		3		3		3		10	
Ақтөбе		3		3		3		3		10	
Атырау		3		3		3		3		10	
Шығыс		3		3		3		3		10	
Қазақстан											
Жамбыл		3		3		3		3		10	

Батыс	3	3	3	3	10		
Қазақстан							
Қарағанды	3	3	3	3		10	
Қызылорда	3	3	3	3			10
Қостанай	3	3	3	3		10	
Маңғыстау	3	3	3	3	10		
Павлодар	3	3	3	3		10	
Солтүстік	3	3	3	3	10		
Қазақстан							
Оңтүстік	3	3	3	3			10
Қазақстан							
Ақмола қаласы	1	1	1	1			
Алматы қаласы	3	3	3	3			

Барлығы	46	46	46	46	50	50	40
---------	----	----	----	----	----	----	----
